



# Ақмешіт

4 мамыр  
сәрсенбі  
№35 (1840)  
2022 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Сарыарқаның төрі, қазақ  
сахарасының кіндігі, ұлан байтақ ұлы  
даламыздың дәл орталығында  
орналасқан  
Ұлытау –  
алаш баласы  
үшін ежелден  
қастерлі мекен.



### ҰЛЫТАУ ҰЛЫЛАРҒА БОЛҒАН МЕКЕН, ЖЕР БАР МА, ТҮСІНГЕНГЕ СЕНЕН КӨРКЕМ



Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл баба жатқан жер тарихының терендігімен талайды өзіне еліктіреді. Ұзын ырағы 200 шақырымға созылып жатқан Ұлытаудың өзі қатпар-қатпар бедерлі бейнесімен, бірінен-бірі биік сілемді тауларымен дараланып тұр.

Бұл өңірді айнала ағып жатқан Кеңгір, Сары кеңгір, Қара кеңгір, Жыланшық, Бұлантай, Білеуті, Сарысу секілді басқа да өзендері аймақты суландырып, ажарына ажар қосқан.

Басқасын айтпағанның өзінде Ұлытауда Әулиеауа, Едіге тауы, Алтын шоқы, Хан ордасы деп аталатын тарихи орындар бар. Оның үстіне Жошының өлімін Шыңғысханға естіретін «Ақсақ құлан» күйі осы жерде дүниеге келген. Бұл күйді шығарған Шыңғыс ханның атақты қолбасшысы, Шам елін ширек ғасыр басқарған даңқты әмір, ел есінде ақындығымен, күйшілігімен сақталған сайыпқыран баһадүр, таутұлғалы Кетбұға батыр еді. Осыншама тарихи орындардың дақпыртын естіген жұрт бұл аймаққа бір келмей кетпейді екен. Көптен бері осы мекенді аралауға бір құмартып жүр едік. Соның орайы енді келді. «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев бас болып, облыстық, қалалық, аудандық газеттегі қаламгерлер суыр айының соңғы күні мен мамыр айының басында Ұлы даланың Ұлытауына сапар шекті. Ұлытау сапарына шыққандардың қатарында біз де бар едік.

4 БЕТТЕ

#### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ БОЛУЫ ТИІС

Бүгінге дейін ел ішінде қордаланған мәселелер аз емес. Оның ішінде қала тұрғындары көп шағымданатын қоғамдық көлік, ауыз су, қала тазалығы және өзге де уақыт күттірмейтін түйінді шешілмей келе жатқан мәселелер бар. Осы мәселелерді назарына алған қаланың жаңа әкімі Асылбек Шәменов кеше қаладағы маңызды нысандарды арнайы аралап, түйінді шешілмеген мәселелердің шешілу жолын және жұмыс барысын көзбен көріп қайтты.



Қала әкімі әуелі Қорқыт ата әуежайына барып, ғимаратқа жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен танысып шықты. Бүгінде әуежайға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Суаірдің аяғында басталған қауырт тірлік бас-аяғы он күннің шамасында бітелді дейді басшылар. Келер жылы сала басшылары Сыр жұртшылығын жағымды жаңалығымен қуантпақ. Себебі бүгінде аптасына екі мың жолаушыны аттандыратын әуежай қызметін тоқтатып, орнына жаңа әуежай бой көтермек. Қазіргі таңда халық игілігіне берілетін жаңа нысанның құрастары әзірленуде.

Әкім мұнан соң ат басын халықтың көз қуанышына айналып, тынығуына жағдай жасалған Президент саябағына бұрды. Алайда саябақта әрлеу жұмыстары әлі жүріп жатыр. Күн жылыналы жасалмаған жұмыстарды сыңа алған әкім тиісті сала мамандарына жұмысты тез арада бітіруді тапсырды.

2 БЕТТЕ

#### ЖУРНАЛИСТ БАСҚА МАМАНДЫҚТА

## НАУБАЙХАНАДАҒЫ ЖАРТЫ КҮН

Әдетте азық-түліктің бағасы өсіп немесе оның тапшылығы сезіле бастаса, жауаптылар ең алдымен тұрақтандыру қорын айтады. Расында, олар бағаны бақылап, азық-түлік қауіпсіздігіне жауап береді. Дегенмен дүкендегі бағаның күн сайын мың құбылуы тек тұрақтандыру қорына сеніп, қарап отыруға болмайтынын аңғартуда. Бүгінде «СПК Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының «Тұрақтандыру қоры» басқармасының қоймасында әлеуметтік маңызға ие азық-түлік жыл соңына дейін жеткілікті. Себебі мұнда өнімдер қап-қабымен, тонналап сақталып тұр.

Соңғы жылдары елімізде нан бағасы да күрт өсті. Тіпті халық арасында «құн тапшылығы сезіледі» деген жаңсақ пікір тарайды. Алайда тұрақтандыру қоры аймақта нан бағасын бір қалыпты ұстау үшін наубайханалармен тығыз байланыста жұмыс істеуде. Нәтижесінде қаладағы әлеуметтік дүкендерде нан бағасы 55 теңге. Ал жеке дүкенге наубайханашылар 75 теңгеден беріп, олар 80 теңгеден сатуы қажет. Дегенмен қазір әр дүкен әртүрлі баға ұсынып отыр.

Аймақтағы «Алтын дән» қоймасына барып, азық-түлікпен ұнның мөлшерін көріп қайттық. Тұрақтандыру қоры басқармасына басшылық қызметке енді ғана кіріскен Талғат Бекішов қойманы өзі аралап, заттарды әлеуметтік дүкендерге жіберіп жүр екен. Қасына біз де



Біздің өңірде ұн тапшылығына алаңдауға еш негіз жоқ. Қостанай облысындағы «Алатау Агро» ұн шығаратын зауытпен келісімшартқа отырдық. Қазір қоймада 220 тонна ұн бар. Бірінші сорттағы «Дәстүр» ұнынан 1020 тонна, 15 вагон келді. Тағы да жолда 7 вагон ұн келе жатыр. Келесі жылдың ортасына дейін ұн бар. Наубайханадан босатылған әрбір нанның сапасы мен бағасын күнделікті қадағалаймыз.

қосылдық. Ұн сақтаған қоймаға кіріп, жыл соңына дейін ұн тапшылығы болмайтынына көз жеткіздік. Басқарма басшысы біздің қасымызға ұнға жауапты тұрақтандыру қорының жетекші маманы Қанат Ташкеновті қосты.

– Қазіргі кезде қалада 9 наубайхана бізбен бірге тығыз байланыста жұмыс істеуде. Бүгінде наубайханаға ұн бағасын 128 теңгеден береміз. Олар дүкендерге 75 теңгеден беруде.

Ал әлеуметтік дүкендерге нан 55 теңгеден келіп, олар сол бағаға сатуда. Қазір қала бойынша күніне 25 мыңға жуық нан шығаратын кәсіпкер бар. Ол «Нұрманова» жеке кәсіпкерлігі. Қаладағы 40 әлеуметтік дүкенге нанды ең арзан бағада беріп отыр. Оларға күн сайын 5 мыңға жуық нан жеткізіледі. Біздің өңірде ұн тапшылығына алаңдауға еш негіз жоқ. Қостанай облысындағы «Алатау Агро» ұн шығаратын зауытпен келісімшартқа отыр-

дық. Қазір қоймада 220 тонна ұн бар. Бірінші сорттағы «Дәстүр» ұнынан 1020 тонна, 15 вагон келді. Тағы да жолда 7 вагон ұн келе жатыр. Келесі жылдың ортасына дейін ұн бар. Наубайханадан босатылған әрбір нанның сапасы мен бағасын күнделікті қадағалаймыз. Негізгі статистика бойынша, нанның салмағы 500 гр болуы керек. Дегенмен осы кезде 470-480 гр көрсетуде, – деді Қанат Ташкенов.

«Нан бар жерде ән бар». Адал еңбек, маңдай термен тапқан нанның қашан да берекесі мол болатыны анық. Осы тұста қаладағы ірі наубайхананың бірінің жұмысымен танысуды жөн көрдік. Ерінбей еңбек етіп, кәсібін дөңгелетіп отырғандар көп-ақ. Солардың бірі наубайхана өндірісін жолға қойып, отбасылық кәсіпке айналып отырған Баян Нұрманова.

2 БЕТТЕ



Театр өнерінің шоктығы биік. Онда сахналанған әрбір спектакль өмірдің жарқын бейнесі саналады. Актерлер сомдаған кез келген рөл белгілі бір оқиғаға негізделетін синкреттік туынды. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – «Мәдениет саласының үздігі», «Үздік актер» аталымының иегері Ұғым Баймаханов. Театрда 25 жылдан бері табанды еңбек етіп, өнер көрсетіп келеді. Талай сахналанған дүниелері жоғары бағаға ие болып та жүр. Ұғым Санақұлымен сұхбат барысында театрдың бүгінгі жайы мен актерлер шеберлігі жайында жан-жақты ой бөлістік.

Нартай Бекежанов  
атындағы қазақ  
академиялық  
музыкалық драма  
театрының  
актері, "Мәдениет  
саласының үздігі"  
Ұғым  
БАЙМАХАНОВ:

### «КӘСІБИ АКТЕР БОЛУ ҮШІН БІЛІМ ҚАЖЕТ»

– Ұғым Санақұлы, театрға қалай келдіңіз? Бұл салаға келу бала күні арманыңыз ба? Әңгіме әлқиссасын осыдан бастасак...

– Адамның айтқаны емес, Алланың қалауы болады ғой. Мен бала кезден өнерге жақын болдым. Бірақ түбегейлі осы менің мамандығым ғой деп нақты шешім қабылдамағанмын. Себебі біз, яғни менің замандастарым кеңес өкіметінің шетін көріп, сол кездегі идеологияны бойымызға сіңіріп өскен жас буын өкілдері едік. Ол уақыттағы білім сапасы, бүгінгімен салыстырғанда мүлдем басқа. Әр заманның өз данышпандары мен тулғалары болады. Тарихты жасайтындар да солар. Бұл жерде менің айтамын дегенім, Отанды сүю, үлкенді құрметтеу, кішіге үлгі бола білу өмір талабы болатын. Сол кездегі тәрбиенің әсері болар, біз «Отан қорғаушымыз» деп өстік. Қазіргі театр және кино өнерінің ақсақал абызы Асанәлі Әшімов және басқа да кино майталмандары сомдаған кинолар өте әсерлі еді. 1995 жылы оқуға құжат тапсырып, өнер факультетінің хореография мамандығына түстім. Міне, осы уақыттан бастап, іс шараларға қатыса бастадым. Сол жылдары алғаш театр табалдырығын аттап, қызық әлемге еніп кеттім. Театр өнерінің өзіндік әлемі мені қызықтыра бастады.

3 БЕТТЕ

# ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ БОЛУЫ ТИІС

Кейінгі сапар мәселесі тасуылмайтын «Қызылорда автобус паркінде» жалғасты. Алайда ЖШС тенгеріндегі 135 дана автокөліктің бүгінде 85 жөндеуді қажет етеді. Қалған 50 маршрут қала ішіндегі және қала маңындағы бағыттарды қамтып, күнделікті қызмет етеді. Бүгінде аталған мәселелерге байланысты №9, 19, 20, 22, 33 бағыттар автобус тапшылығына байланысты тоқтап тұр.

Шаһар басшысы бұл мәселелердің шешілу жолдарын қарастырып, халықтың наразылығын тудырмауға жұмыс істеуді тапсырды. Алайда мекеме мамандары жөндеуде жатқан сексеннен аса көліктің тиісті құралдары Қытай шекарасынан өте алмай жатқанын алға тартты.

Қазір қала тұрғындары автобустардың кешігуіне байланысты, одан бөлек кеш батпай жатып, ерте тоқтап қалатынын айтып шағымданды. Оны әлеуметтік желіде де, өзіме жеке келіп те айтты. Сондықтан қаншама қаражатқа алынған көлікті күтіп айдап, уақытылы жөндеп отырыңыздар. Қала тұрғындарына қиындық тудырмаңыздар. Осы жылы облыс әкімі 150 автобус алуды жоспарлап отыр. Қазір керекті құжаттарды даярлауда, – деді қала әкімі Асылбек Шаменов.

Осыдан соң әкім «Қызылорда су жүйесіне» барып, түйткілді мәселелер жайын талқылады. Бүгінде қала бойынша 82 294 тұтынушыға қызмет көрсетілуде. Оның ішінде 78 324 тұтынушы – жеке тұлғалар, 246 – бюджеттік мекемелер, 3724 – шаруашылық және өзге де тұтынушылар. Яғни қала тұрғындары 100 процент орталықтандырылған ауыз су жүйелерімен қамтамасыз етілген. Алайда ай сайынғы абоненттік төлемге байланысты мәселе бар. Мекеме мамандарының айтуынша, қазіргі таңда жеке тұлғалар 535 млн қарыз.

Басы 1-бетте



Соның салдарынан мекеме қызметкерлері екі ай жаалақ алмаған. Яғни мекеме жұмысшыларына 83 млн теңге қарыз. Тағы бір айта кететін жайт, суды арнайы есептегішке қоспай, ұрлап алатындардың саны артауда. Шаһар басшысы мұндай бассыздыққа жол бермей, мониторинг жұмыстарын қарқынды жүргізуді тапсырды.

Сонғы аялдама «Қызылорда тазалығы» мекемесі болды. Былтырдан бастап бұл мекеме «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған болатын. Бүгінде бес бағыт бойынша жұмыс атқаратын мекеменің санитарлық тазалық жұмыстарына 2022 жылы 699,9 млн теңге бөлінген. Сала мамандарының айтуынша, мекемедегі 112 дана техниканың 77%-інің тозығы жеткен. Оның 74 данасы санитарлық тазалық жұмыстарын қамтамасыз ететін техника.

Бүгінде көліктеріміздің көбісі істен шығып, жөндеуді қажет етіп отыр. Көбісінің тозығы жеткен. Сондықтан қазір екі ауы-

сымда жұмыс істеп, қаланы қоқыстан тазартуға күш салудамыз. Бүгінде мекеме қажетті техникалар саны 75 дананы құрап отыр. Ал оны сатып алу үшін 1 млрд 927 млн теңге қажет. Алдағы сессияда 14 дана техника сатып алуға 526 млн теңге қаржы қаралуда, – дейді «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысы Талғат Құлмағамбетов.

Әкім аталған мәселе бойынша жұмыс істеп, кезең-кезеңімен қаржы бөлінітінін айтты. Ал алдағы сессияда қаржы жайы қаралып, мекеменің техникалық әлеуеті артағынын жеткізді.

Шаһардағы түйінді мәселелерді көзбен көрген қала әкімі сөз соңында қала халқына қолайлы жағдай жасау үшін қордаланған мәселелерді шешіп, жұмыстарды сапалы жүзеге асыру керектігін тілге тиек етті. Ал жауапты сала басшылары қала тұрғындарының кезек күттірмейтін проблемаларын тез арада шешуге уәде етті.

Ақтілек БЕРДІБАЙҰЛЫ

## ТАҒАЙЫНДАУ



Қызылорда қаласы әкімінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі өкімімен **Жанмұрат Сейітов** Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Жанмұрат Жақсымұратұлы 1985 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде құқық және экономика негіздері және Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде мемлекеттік басқару мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2007 жылы Қызылорда облысы әкімі аппаратының кадр жөніндегі инспекторы қызметінен бастаған. 2008-2011 жж. Қызылорда облысы, Балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы; 2011-2013 жж. Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының бас маманы; 2013-2017 жж. Қызылорда қаласы әкімі аппаратының бас инспекторы-қала әкімі орынбасарының көмекшісі, қала әкімінің көмекшісі; 2017-2019 жж. Қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы; 2019-2020 жж. Қызылорда қалалық мәслихаты аппаратының басшысы; 2020 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарып келеді. Отбасылы, екі қыз, бір ұл тәрбиеленіп отыр.

Жанмұрат Жақсымұратұлы қаланың экономика, қаржы, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы салаларына жетекшілік ететін болады.



## БІРЛІГІ БЕКЕМ СЫР ЕЛІ

Қызылордалықтар 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін сән-салтанатымен ерекше атап өтті. Орталық алаңнан бастау алған думанды іс-шарада түрлі ұлт өкілдерінің ән мен биі, салты мен дәстүрі жаңғырып, ынтымақтың ырысы тасып, бірліктің байрағы желбіреген керемет күн болды. Ақшаңқан ақ боз үйлер адалдықтың символындай сезіле, мерекелік нышандағы әрленген әуе шары, балалар сахнасы бәрі-бәрі жұртшылыққа мамыражай көңіл күй сыйлайды. Мұндағы келушілердің жүзінде бір-біріне деген құрмет пен жанашырлық сезім айқын аңғарылды. Бұл – бірлік күніндегі барша халықтың ыстық ықпалы еді.

Мерекеді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр халқын бірлік күнімен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді. Тұрғындарды тәуелсіздік, татулық пен тұрақтылық сынды баға жетпес құндылықтарды сақтауға шақырды.

«Халқымызда «Ынтымақты елге ырыс қонады» деген даналық сөз бар. Қазақ елінің қай замандарда да досқа құшағы кең болған. Қазақстан бүгінгідей дамудың жаңа сатысында да ұлы мақсаттар жолында көрші елдермен тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Берекелі бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында серпінді істеріміз нәтижелі болып, өңіріміз жаңа деңгейге көтеріліп, еліміздің іргесі берік болуына тілектеспін. Ауызбіршіліктен ортақ мүдде жолындағы қиындықтарды қайыспай көтеріп, асыл құндылықтарымызды ардақтай білейік. Бұл – тілі басқа болса да, тілегі бір, жүзі басқа болса да, жүрегі бір жұрттымыздың айнымас бірлігінің шексіз дәлелі. Біздің күшіміз – болаттай берік бірлікте. Сол ізгі мақсат жолында жұмыла жұмыс істейміз деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы түрлі ұлт өкілдерінің қолөнер бұйымдары қойылған көрмені аралап, балалар шығармашылығын топтастырған шағын қойылымды тамашалады.

Қолөнер бұйымдары көрмесіне қыз жасаушы мен тұрмыстық қолданыстағы көрпе-жастық, құрақ көрпе, балалар киімдері қойылған.

Қолөнер көрмесіне хал-қалімізше өз өнімдерімізді ұсындық. Келіп көрушілер қатары қалың. Қолөнер – аса талант пен тәзімді талап ететін бұйым. Осымен айналысып келе жатқанымша біршама жылдың жүзі болды. Бірлік күнін берекелі шараға біз де өз үнімізді қосып, ел шаттығын асыруды мақсат тұттық, – дейді Балжан Сатыпадилова есімді қолөнер шебері.

Думанды мерекеді өмір Шығармашы және жергілікті өнерпаздар әнінен шашу шашып, елге қуаныш сыйлады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

## САЯСИ ПАРТИЯЛАР СЕΝІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСІРМЕУГЕ ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында партиялар арасындағы бәсекелестікке басымдық берілетінін мәлімдеді.

Президент сөзін іспен дәлелдеп, партия төрағасы лауазымынан бас тартты. Осы арқылы елде «Президенттің партиясы» деген ұғым мен түсінік болмайтынын білдірді.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Үкіметті, құқық қорғау органдарын, күш құрылымдарын сонымен қатар әкімдіктерді бақылайды. Әкімшілік ресурс Президенттің қолына шоғырланған. Мемлекет басшысы партия төрағасы болса, жоғарыдағы ресурстардың барлығы Президент басқаратын партияға қосымша мүмкіндік береді. Мұның салдары партиялар арасындағы бәсекелестікті төмендетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев осының алдын алу үшін батыл қадамға барды. Біздіңше, Президент қабылдаған шешім партиялық жүйені жаңғыртып қана қоймай, мемлекеттік және қоғамдық жүйені түбегейлі жаңартады.

Президент партияларды тіркеу шегін 20 мың адамнан 5 мың адамға азайтуды тапсырды. Ал өңірлердегі өкілдердің санын 600-ден 200-ге дейін қысқарту міндетін қойды. Бұған қоса партия құруға ниеттенген бастамашыл топтың санын 1000-нан 700 адамға азайтуды жүктеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдағанын жариялады.

Нақтылай кетейік, Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей 5 депутатты сайламайды, тек ұсынады. Бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістің квотасын жойылады деген сөз.

– Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Бұдан бөлек Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе қабылдау құқығын беретін норма енгізген дұрыс. Соған сәйкес заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады. Ал Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары сот кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығы мен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежегіш механизмдерді елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет», – деді Президент.

Қазақстан Халық партиясы Президенттің бастамаларын толық қолдайды және оның жүзеге асырылуына атсалысады. Біз «Жаңа Қазақстан» құру ісі партияларға мүмкіндік берумен тығыз байланысты болуға тиіс деп санаймыз. Партиялар арасында адал бәсекелестік болғанда ғана қоғам алға басады.

Жолдауда айтылған еліміздегі сайлау жүйесінің өзгеруіне келетін болсақ, Қазақстан Халық партиясы аралас сайлау жүйесіне көшуді дұрыс деп біледі.

Қазақстан Халық партиясы Қызылорда облыстық филиалы Президенттің Жолдауын жүзеге асыру аясында табандылық танытып келеді.

Біз бұған дейін жылдар бойы «Қызылорда-Жезқазған» жолын жаңғырту мәселесін көтеріп келдік. Жолдауда дәл осы жоба алдағы 3 жылда шешімін табатынын айтылды.

Қазақстан Халық партиясы саяси ұйымдар арасындағы адал бәсекелестікті күштідей және сайлаушылардың сенімін ақтау үшін бар мүмкіндігін қолданады. Біздің мақсатымыз – Жолдау жүктеген міндетті мінсіз атқарып, болашақ ұрпақ үшін кемел келешек құру.

Берік ШАЙШУРОВ,

Қазақстан Халық партиясы

Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары

## ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ



арнайы кабинет ашуды ұсынған болатын. Ұсыныс қабыл алынып, 2018 жылдан бастап Жұмаш Балғожаева атындағы қазақ тілі мен әдебиет кабинеті жұмыс істеп келеді.

Ардақты ұстазды ұлықтау шарасы аясында Т.Рысқұлов атындағы №222 орта мектепте ардагер ұстаз Жұмаш Балғожаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің қалалық олимпиадасы

алғаш рет ұйымдастырылған еді. Олимпиадаға қала мектептерінен 40-қа жуық мұғалім қатысып, білім бәсекесінде бақ сынады. Ұстаздар шығармашылық мүмкіндіктерін қолданып, білімдерін ортаға салды.

Қалалық олимпиаданы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Әзізбек Жәнібекұлы мен облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орын-

басары Құлтай Сағындыққызы ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Білім бәсекесінің I кезеңінде ұстаздар белгіленген тақырыптар аясында эссе жазды. Ал II кезеңде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мектеп бағдарламасына негізделіп дайындалған тест сұрақтарына жауап берді. Байқаудың нәтижесі бойынша I орынды №101 мектеп-лицейінің мұғалімі Жадра Жұынғаева иеленіп, оған 100 000 теңге сыйақы табысталса, II орынды №3 ІТ мектеп-лицейінің мұғалімі Гүлайна Аймағамбетова иемденіп, 70 000 теңге сыйақы алды. Ал №1 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Зәуре Алтаева жүлделі III орынға ие болып, 50 000 теңге сыйақымен марапатталды.

«Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Жұмыс Балғожаева осы мектептің жүрегі болып, әрқаз еңбегі еленіп, құрметке ие болып келеді.

Айтқолсын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

## НАУБАЙХАНАДАҒЫ ЖАРТЫ КҮН

Қиындыққа мойымай, келешектен үмітін күтіп, шаруасын алға қарай сүйреген кәсіпкердің өзін кездестіре алмадық. Өйткені ол тағы да бір үлкен наубайхананың құрылысын бастап, сол жақта жүр екен. Дегенмен наубайхананы өзіміздің үйіміздей еркін сезініп, жұмыс барысымен таныстық. Бүгінде отбасылық кәсіпкерлер 100-ге

жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Тұрақты тұтынушылары да бар. Наубайхана жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Себебі күндіз-түні жұмыс істеуде. «Табыс көзі – тірлікте» деген осы шығар.

– Қызылорда қаласы бойынша барлық дүкенге нан жеткіземіз. Қазір 13 нан таситын көлігіміз бар. Сондай-ақ түрлі тәттілерді де пісіреді. Өзіңіз көргендей қамырды өлшеп 520 гр етіп,

Басы 1-бетте



қалыпқа салып жатырмыз. Нан піскенде 500 гр болады. Барынша тазалық сақтап, талапқа сай жұмыс істеуге тырысамыз. «Ас – адамның арқауы» демекші, нанның дәмді, сапалы болып шығуы бізге артылған үлкен жауапкершілік. Сол үдеден шығу үшін аябай күні-түні демалысыз жұмыс істейміз. Ыстық жерде азыннан кара кешке дейін аяқтан тік тұру оңай емес. Десе де жұмысшыларға жаалақсын күнделікті беріп отырады. Сондай-ақ екі бөлке нан алып қайтамыз, – деді аға нан пісіруші Фарида Сәменова.

Көбіміз күнделікті сатып алған нанды қайда, қалай дайындайтынын көргіміз, білгіміз келіп, қызығушылық танытамыз. Ең алдымен ас пісіретін жер таза ма екен деген сұрақ туындайды. Осы тұста наубайхананың ішкі жұмысына жатыспай біз де қосыла кеттік. Мұндағы нан пісіретін қыздардың басында орамал, үстінде алжапқыш, қолында қолғап бар. Олардың шалт қимылына тіпті көз ілеспейді. Әдепкіде ілесе алмай, қамыр қолыма жабысып өбегерге түстім. Бір сәтте ыстық жерде маңдай

термен жұмыс істеудің қандай қиын екенін түсіндім.


Қарап отырсақ, базар мен дүкен сөрелерінде ұнның түрлері көп-ақ. Тіпті сорттар арасында таңдау жасау қиынға соғады. Жасыратын несі бар, көбіміз жоғары сортты ұннан піскен нанның сапасы жақсы болады деп ойлаймыз. Алайда мамандардың айтуынша, бұл пікір қате екен.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Суретті түсірген

Н.НУРЖАУБАЙ

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Қазақстан және КСРО Халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің 85 жылдығына орай «Тағдыр тақтасы» спектаклі сахналанды. Мерекелік шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, өнер саласының ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.



## «ТАҒДЫР ТАҚТАСЫ» – СЫР САХНАСЫНДА



Өнер қайраткерінің өмір жолына құралған «Тағдыр тақтасы» қойылымын Алматы қалалық «Жана ғасыр» театрының актерлері сомдап, көрермен көзі-айымына айналды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аңыз адам, біртуар өнер қайраткері Асанәлі Әшімовке Сыр жұртшылығы атынан құттықтауын жеткізіп, мерейтой иесінің иығына шапан жауып, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады.

– Өлемге танылған дарабоз өнер иесін Сыр елі әрқашан құрмет тұтады. Өңірімізге өзінің келуінің барша сырбойылықтарға үлкен қуаныш. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сізді аса көрнекті актер ретінде КСРО ғана емес, бүкіл әлемдік кинематография қауымдастығы мойындады», – деген болатын. Сізді Сыр жұртшылығы атынан мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, амандық тілеймін, – деді Н.Нәлібаев.

– Бұл «Жана ғасыр» театры» 2018 жылы М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театр жанынан ашылған. Сол кезден бері көптеген қойылымдар көрерменге жол тартып келеді. Соның бірі – «Тағдыр тақтасы» спектаклі. Спектакль екі айға жуық әзірленді. Аңыз адамды сомдап шығу, және оны өзінің алдында ойнау, әрине, өте қиын. Әлі де болса өзіміздің кейіпкерді сомдауымыз көңіліміз толмайды. Бұл қойылған сайын толыға түседі деп есептеймін, – дейді Асанәлі Әшімовтің ролін сомдаған

актер Қуаныш Құдайберген бізбен әңгімесінде.

Салтанатты кеште Асанәлі Әшімов Ж.Ерманның сөзіне жазылған А.Қоразбаевтың «Жан балам» әнін орындап, Сыр жұртшылығына ризашылығын жеткізді.

Өнер иесінің мерейтойына орай өткізілген спектакльге қызылордалықтар алғаусыз алғысын айтып, тілектестіктерін білдіріп жатты.

– Асанәлі ағаны 1968 жылдан бері білемін. Ол өтірік пен сатқындықты кешірмейді. Биыл осы дарабоз өнер иесі 85 жылдық көктемін қасиетті Сыр топырағында да атап өтіп жатыр. Бұл өнерлі өңірге деген құрметі болса керек. Мұндағы көрермендерге деген ризашылық сезімінің көрінісі деуге болады. Қазақ театрының сахнасы алғаш рет 1926 жылы Сыр өңірінде ашылған болатын. Сондықтан жастарды да осында өнерлерінді көрсетіңдер, шыңдалыңдар, жетілдіңдер деп арнайы әкелді. Жастардың кейіпкерді сомдап шығуы өте әсерлі болды. Спектакль барысында Асанәлі ағаның аяулы анасы Тәжіхан анамыз, жұбайы Майра, балалары Мәди мен Сағидың бірінен соң бірі бақылық болуы актер шеберлігімен көркем бейнеленді. Спектакльге қайраткер жолы шебер суреттелген. Бұл адамды өмір шындығы еді, – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақытбек Алпысбаев.

Айта кетейік, театрға келгендер Асанәлі Әшімовтің шығармашылығына арналған көрмені тамашалады.

Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының актері, "Мәдениет саласының үздігі" Ұғым БАЙМАХАНОВ:

## «КӘСІБИ АКТЕР БОЛУ ҮШІН БІЛІМ ҚАЖЕТ»

– Кәсіби актер атанған сәтіңіздегі ең алғашқы рөлдеріңіз жайында айтып өтсеңіз...

– 1997 жылы осы кара шаңырақ, музыкалық драма театр статусын алып жатты. Жаңадан штаттар ашылып, жастарды қабылдап жатыр екен. Менде солармен бірге көрдебалет мүшесі ретінде келіп, артынан артист болып шықтым ғой. Басында тек би билеп, массовкада жүрдім. Содан сол кездегі режиссер һәм директор Ергали Оразымбетовтің көзіне түсіп, кішігірім рөл ала бастадым. Алғашында балалар спектаклінде түрлі бейнелер жасап жүрдім. Содан А.Чеховтың «Шие бауы» пьесасын сахналай бастағанда, марқұм Қазақстанның халық артисі Серік Шотықовпен Гаев ролін сомдауға дублер болдым. Бұл менің алғашқы негізгі әрі басты рөлім болатын. Мен үшін бұл сәт бақытты әрі жауапты кез болды. Мен өзімді көрсететін және болашақта нақты менің мамандығым осы ғой деп өзіме есеп берген шағым дәл осы шақ болатын.

– Осы кезге дейін ойнаған рөлдеріңізге шолу жасап, өзіңізге қаншалықты жиі есеп бересіз?

– Әр адам өз-өзіне есеп береді. Дәл солай кез келген актер де өзі сомдаған ролін міндетті түрде сараптайды. Кейде көңілің толып жатса, кейде керісінше «өттеген-ай» деп жататын тұстар да болады. Сырт көзге, яғни қарапайым көрерменге бәрі тамаша болуы мүмкін. Бірақ өзіне және әріптестеріне ол белгілі боп тұрады. Өйткені олар сенің мүмкіндігіңді біледі және соны күтеді. Жетпей жатқан кезде пікірін айтып тұрады. Ол дұрыс жайт. Жалпы мен сынды дұрыс қабылдаймын.

– Сіздің түсінігіңізде кәсіби актер болу үшін ең алдымен не қажет?

– Кәсіби актер болу үшін міндетті түрде білім қажет. Тума талант та болады. Бірақ бәрібір оған да білім қажет. Театр – синтез өнер. Сол себептен қоршаған ортаны білу және оны сезу үшін біліктілік пен қатар тәжірибе қажет. Егер көрерменді қызықтыра алмасаң олардан айырылып қаласың. Сондықтан бар күшің мен білімің көмекке келеді. Ал көрерменнің театр есігін қайта ашуына себепкер болу актерға, актер шеберлігіне байланысты.

– Қазіргі таңда қоғамда кино және театр саласына байланысты екіұшты пікір бар. Сіздің ойыңызша, театрға не жетіспейді?

– Кино кенже пайда болған өнер. Бірақ оның мүмкіндігі әлдеқайда үлкен. Техникалық мүмкіндігі жағынан, әрине, театрдан басым. Сол себептен оның бүгінгі таңда қарқынды дамуы заңдылық. Бірақ онда да ойнайтын актер. Яғни бұл екі өнер ордасы бір-бірімен байланысты. Тіпті мультфильмдегі жансыз бейнеге де жан бігіретін актер ғой. Ал театрға келетін болсақ, заман талабына сай алға ұмтылуға. Әрине, кинодағыдай мүмкіндік болмаса да бұрын-соңды болмаған шешімдер мен тәсілдер қарастырылуға. Оларды түрлі фестивальдерде көріп жүрміз. Заманауи технологияны пайдаланып, күрделі әрі қызықты дүниелер театр сахналарында көрсетілуі. Даму қажет. Өйткені қазіргі көрерменнің талғамы жоғары, әрі жан-жақты. Барлығы дамыған заманда театр қалып қалмау керек. Сондықтан қазір жас, білікті, талантты режиссерлар көптеп шығып жатыр. Сан түрлі қырынан көрініп өзіндік қолтаңбасы қалыптастыра бастады. Драатургия саласы да бұрынғыдай емес, жазылу тәсілдері де басқаша. Актер ойыны да құбылысқа ұшырауда. Бұрын айкай көп болса қазіргі ойында шынайылық яғни қарапайым сөз саптау мәселелері алға тартылуға. Кей кезде сөздің де қажеті болмай, тек көзқарас пен іс қимыл арқылы тәуір дүниелерді көріп жүрміз.

– Сіз «Мұстафа Шоқай» спектаклінде Розенбергтің, «Абай» пьесасында Оразбайдың, Тахауи Ахтановтың «Ант» пьесасында Әбілқайыр хан рөлдерін шебер сомдап шықтыңыз. Қайсысы жаныңызға жақын болды?

– Актер үшін әрбір сомдаған ролі қымбат. Оларды бөліп жармайды. Оны кез келген актер, актриса айтады. Өйткені рөл үшін аянбай еңбек етесің. Әрине, оң жақбасына келе бермейтін рөлдер де болады. Бірақ жоғарыда айтылған дүниелермен, яғни білім мен тәжірибе арқылы жеңіп шығасың. Енді Розенберг, Оразбай және Әбілқайыр образдарын мысалға алып отырсыз. Үшеуі де мүлдем бір-біріне ұқсасмайтын бейне. Замандары да бөлек. Дей тұрғанмен Оразбай ролі маған қымбаттырақ. Несімен екенін айтып түсіндірмей-ақ қояйын. Бірақ солай...

– Кімдерді ұстаз тұтасыз немесе шәкірт тәрбиелеп жүресіз бе?

– Үлгі тұтатын ұстаздарым бар, әрине. Алғаш театрға келгендегі ағайлар мен апайларым. Олардың әрқайсысы бір мектеп болатын. Қазақстанның халық артисі Райымбек Сейтметовтен де дәріс алып үлгердім. Театрда бірнеше жыл көркемдік жетекші болған режиссер Хүсейін Әмір-Темірдің мен үшін орны бөлек. Менің ізденуіме, білімімді толықтыруыма көп көмек берді. Қазақ-түрік университетінің өнер факультеті, оның ішінде театр және кино мамандығы бойынша білім алуымызға ықпал етті. Осыдан бірнеше жыл бұрын Мәскеуге біліктілікті жетілдіру үшін оқуға жіберді. Бірнеше адам барып қайттық.

Басы 1-бетте



– Жасыратыны жоқ, театрға баратын көрермен аз. Бұл нені білдіреді?

– Театрға көрермен аз келеді деген пікір айтылып жүр. Оның себептері сан түрлі. Қазір жастар театрға барғаннан гөрі кафе, караоке, киноға барғанды ұнатады. Тіпті театрдың есігін де аспағандар аз емес. Бірақ бір келсе, міндетті түрде қайта келетіні сөзсіз. Біздің қалада кішкентай қойылымдарды бірнеше қайталап көргендер көп. Бірақ премьер болса, халық лық толы болатыны сөзсіз. Дегенмен тірі организм көз алдында өнер көрсетсе, оның қызықты болатыны сөзсіз. Қазір көрерменді тарту жолында түрлі шешімдер мен амал тәсілдер қарастырылуға және ол нәтижесін беруде.

– Еліміздің бірнеше театрларында қойылым қойғаныңызды білеміз. Сонымен қатар шет мемлекеттерге де шығып жүресіз. Осылардың барлығын саралай келе қазіргі қазақ театр өнерінің бағыты жайлы не айтар едіңіз?

– Иә, Қазақстанның түкпір-түкпірінде және шет елдерде де қойылым қойдық. Менің түйгенім, қазақ театры кез келген елдің өнер ордасынан кем емес. Тіпті кей кездерде бір саты жоғары тұратын тұстары да байқалады.

– Қазақстанда театр өнері нелеріне қаншалықты жағдай жасалынып, мүмкіндіктер беріледі?

– Театр өнерінің майталмандары мүлдем қараусыз қалды деуден аулақпын. Қажетті жағдайда тиісті қолдау жасалуға. Бірақ бар театрларға бірдей көзқарас болса деген ойым бар.

– Сіздің ойыңызша, «заманауи спектакльдер» қандай болуы тиіс?

– Заманауи спектакль мынадай болуы шарт деп айту қиын. Ол талғамға байланысты. Бірақ кейде көрерменнің көңілінен шығамыз деп жүріп керісінше құлдырауға да кетіп қалуымыз мүмкін. Ең әуелі біз кім екенімізді ұмытпауымыз керек. Бұл басты нәрсе. Шет жерден көріп келген дүниені осы жаңалық деп жабыстыру қате ұғым. Жаңашылдықты қолдаймын. Одан қорықпау керек. Бірақ қандай ұлт, дінгеіміз қайда екеніңізді жадымызда сақтап жанашылдықпен қабыстыра білсек, тамаша болар еді деймін.

– Әдебиет, кино, театр – жан тазалығын сақтауға бағытталған өнер деп айтылады. Осы өнер бүгінде қоғамды ізгілендіруге ықпал ете алып отыр ма?

– Әдебиет, кино, театр, бұл үш дүние адам үшін қажет, ол сөзсіз. Рухани мықты адам жетістікке жетеді. Бай болғанмен рухани осал болса онда сенің әлсіздігің.

– Көрермен сізді театр актері ретінде таниды. Көпшілік білмейтін басқа қандай қырныыз бар?

– Әрбір адамның өзіндік хоббиі болады. Сахнадан бөлек, жаным қалайтын іспен айналысқанды қалаймын.

– Бос уақытыңызда немен айналасыз?

– Бос уақытты достармен өткіземін. Отбасыма бөлемін. Балық аулап, аңға шыққанды ұнатамын. Бильярд ойнап, бассейнге барып тұратын кездер де кездеседі. Спортқа көп көңіл бөлемін.

– Өнеруіер қауымды жақында жана дүниелермен қуантар ойыңыз бар ма?

– Өзіміз жазған дүниелерім бар. Соның бірнешеуін сахналасам деген жоспарым бар. Оны алдағы уақытта көре аласыздар.

– Әсерлі әңгімеңізге рахмет.

## АЙТЫСТА СЫР МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Жақында Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің 85 жылдығына орай туған жері Жаңатаста «Алашқа абыз, өнерде аңыз» атты республикалық ақындар айтысы өткен болатын.



Сөз додасына Бекарыс Шойбеков, Нұрмат Мансұров, Біржан Байтуов секілді жыр жүйріктері қатысып, өнер санлағының бүгін болмысын өлеңмен өрнектеп, өнерге қосқан түпсіз еңбегін сүбелі сөзбен айшықтады.

Осы айтулы өнер бәйгесінде Сыр елінің қос жүйрігі додалы дудың

алдынан көрініп, ел мерейін үстем етті.

Атап айтар болсақ, Қазалы ауданының тумасы Нұрзат Қару бас жүлдені жеңіп алса, М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің директоры Нұрмат Мансұр I орынмен марапатталды.

## БИШІЛЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

Сыр еліне тағы бір ақжолтай хабар жетті. Түркістан қаласында өткен «АРЕНА ТАНЦЕВ» атты халықаралық би байқауына «Балбұлақ» халықтық үлгілі би ансамблі қатысып, жеңімпаз атанды.



Мың бұралған бишілер тобы талдырмаш өнерлерімен көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Саусақ иірімі сан құбылғанда таңдай қағарсың. Бұл – биші балапандардың өнері. Музыка үнімен үндесіп, тілдесе біледі. Өнер мектебі жанынан құралған «Балбұлақ» халықтық үлгілі би ансамблі – бекзат өнердің биігіне самғап келеді. Бүгінгі жетістігі соның айқын көрінісі.

– Балаларды би сыныбына бергенде одан сымбатты өнер несі шығары сөзсіз.

Кейбір ата-аналар балаларының биге деген қызығушылығын байқап, осы өнер орталығына бағыттап жатады. Бұл – құптарлық іс. Міне, мұндай балалар тез бейімделеді. Кешегі байқауға байланысты айтарым, жарыс жоғары деңгейде өтті. Жетістікке жету үшін көп еңбек қажет. Сондықтан баланың өнерін дамытып, талабын ұштау ұстаздың міндеті, – дейді ансамбль жетекшісі Айгүл Құттымұратова.



Бетті дайындаған Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



# ҰЛЫТАУ ҰЛЫЛАРҒА БОЛҒАН МЕКЕН, ЖЕР БАР МА, ТҮСІНГЕНГЕ СЕНЕН КӨРКЕМ



## СЕН ҚАЙДАСЫН, ЖЕЗҚАЗҒАН?

Қызылорда мен Жезқазғанның арасы 430 шақырымды құрайды. Екі аймақтың арасы тым қашық болмаса да жолдың нашар екені көпке аян. Осы 430 шақырымның бар болғаны 130 шақырымы ғана асфальтпен көмкерілген шығар. Қалғаны тас жол деп айтуға келмейтін, зенбірекпен атқылағандай әр жері ойылып, опырылып қалған. Көлігінді байқап айдамасаң қапелімде аударылып қалуың да ғажап емес. Қалған жолдың бәрі май топырақ. Шаңғытып отырып «зулайсын». Зулай алмасаң тасбақаның жүрісіндей жылдамдықпен аяңдап бағасың. «Жол азабын жүрген білер» деген сөздің қаншалықты дәл айтылғанын осы арамен жүргендер түсінетін шығар.

Сонымен борпылдақ жолмен селкілдеп келеміз. Жолы нашар болса да табиғаты керемет екен. Жолдың қос қапталы бейнебір жайылған кілем іспетті. Көзінді қызықтыра құлпырған қызғалдақ пен сарғалдақ жайқала өскен жауқазын еріксіз баурап барады. Бәрінен бұрын ерекше жұпарымен тынысқаңды ашатын хош иісті жусанын айтаңсың... Жусанмен жағаласа өскен түйежапырақ та қаулап тұр. Тұмса табиғаттың осындай кереметін тамашалап келе жатқанда алыстан биік мұнарлар көрінді. Бұл жезді өлкенің, мысты өңірдің зауыты еді.

Хош, бірді айтып, біріне кетіп қайтеміз. Қызылордадан Жезқазғанға дейінгі табиғаттың әсемдігіне тамсанып боламын дегенше 8 сағаттан астам уақыт кетіпті. Бір ақауы жоқ, бұзылмай, тоқтаусыз жүріп келген микроавтобустың өзі 430 шақырымға 8 сағат жіберіпті. Осыдан-ақ екі арадағы жол қаншалықты азапты, қиын әрі ауыр екенін бағамдай беріңіз. Айтпақшы, межелеген жолдың дәл орта тұсына келгенде біз мінген көлікті біреулер тоқтатып: «Мына жол қашан бітеді?» деп сұрады. Облыстық газеттегі әріптесіміз Ержан Қожақтың да: «Жезқазған көшіп кеткен жоқ па?» дегені бар әзіл-шынын араластырып. Осы сәтте микроавтобустың ішкі беткейіндегі айнадан көлікті тізгіндеген Зейнулланың жанарына зер салдым. Ол да «Сен қайдасың, Жезқазған?» дегендей кейіп танытып келе жатқандай көрінді маған.

## ТАРИХИ МЕКЕННІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Бізді Жезқазған қаласынан Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің бұрынғы директоры Бауыржан Жанбауұлы Бірманов күтіп алды. Амандық-саулықтан соң Жошы хан кесенесіне қарай бет түзеді.

– Мен Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетін 9 жыл басқардым. Ұлытау өңірінің қойнауы толған тарих. Бұл жерде Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл секілді тарихи тұлғалар жатыр. Қалмаққырылған деген де жер атауы бар мұнда. Бұлантыдағы шайқастан соң ол жерді Қалмаққырылған атаған, – деді жолбасшымыз Бауыржан Жанбауұлы.

Бауыржан сөзінен кейін Бұланты шайқасы жайлы білетіндерімді ой елегінен өткізе бастадым. Был Бұланты шайқасының өткеніне 295 жыл



толып отыр. Тарихта «Аңырақай», «Қалмаққырылған» деген атпен қалған шайқастар болған. Бұланты өзенінің бойындағы кескілескен ұрыстың қазак-қалмақ соғысында шешуші рөл атқарғанын ұмытуға болмайды. Бір білерім, үш жүздің баласы бас қосып, жауға жұмыла қарсы тұрғанда ғана жеңіске жететінін осы шайқас айқындап берген. Бабаларымыздың «женсек ел боламыз, жеңісек бордай тозамыз» деп ұрыс даласына ұмтылған сәті де осы Бұлантыда өткен. Бұл атакты Әбілқайыр ханның біріккен қазақ жасағына бас қолбасшы болатын тұсы. Жан беріп, жан алысқан кескілескен ұрыста қазақ қолы жеңіске жеткен. Бөгенбай батырдың пәрменімен Отан қорғау жолында шейіт болған жау жүрек жауынгерлер бір зиратқа жерленіпті. Ол жерге үйдей етіп тас үйілген. Оған жұртшылық «Ұйтас» деген атау берген. Сол Ұйтас қанқұйлы соғыстың күгергенді болып әлі тұр. Иә, үш ғасырға жуық уақыт өтсе де бұл оқиға ел жадынан өшкен емес, өшпейді де.

Осындай ойдың жетегімен келе жатып Жошы хан кесенесіне де жеттік. Мемлекет басшысы Қасым-жомарт Тоқаевтың Ұлытауды ұлттық туризмнің орталығы ету туралы бастамасынан кейін мұнда «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені салыныпты. Сайын далада алыстан менмұдалап көрінетін Жошы хан кесенесін жаңадан салынған мәдени кешені толықтыра түскендей. Кешенің алдына «Ақсақ құлан» аңыздына байланысты ескерткіш орнатылған. Композициялық ескерткіште құланға ұмтылған Жошының, Жошыға ұмтылған құланның бейнесі берілген.

Тарихи-мәдени кешенің бөлім меңгерушісі, тарихшы Бақытжан Игенұлы Көпбаев бізге білгенін айтып, кешенмен таныстырды.

– Сарыарқаның төріне қол келдіздер. Бұл – «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені. Мемлекет басшысы Қасым-жомарт Тоқаевтың «Ұлытауды ұлттық туризмнің орталығы ету керек» деген сөзінен соң осы кешені салды. Мәдени кешені заманауи құрылыстармен жабдықталған, – деді Б.Игенұлы.



Айтса айтқандай, тарихи-мәдени кешенің іші де заманауи жабдыктармен қамтылған. Музей, қонақ үй мен асханасы тағы бар. Кіре беріс фойесін айналыра кенер қаптың көлеміндей тас мүсіндер қойылған. Кәдімгі үлкен бір тас тұрғандай. Бірақ қолмен ұстасаң тасқа ұқсатып жасалған бұйым екенін аңғарасың. Оған смарт экран орнатылыпты. Міне, қызық! Саусағыңды тигізіп-ақ өзіне керекті деректі алуға болады. Ұлытау аймағының тарихына, мәдени ескерткіштеріне, хандар мен батырларға қатысты мәліметтер толып тұр. Тас бедерлі мүсін демесен, кәдімгі ақыл-қалта. Фойеден сыртқа қарай шығатын арнайы жол бар екен. Хан кесенесімен екі ортаға Жошының еңселі ескерткіші орнатылған. Оның жанына хан кенесі өтетін шатырды да жасаған. Хан шатырының өзі ойынды сан-саққа жетелеп, тарихтың қатпар тұңығына алып баратындай әсер береді. Оған сол әріктеке Жошы ханның мазары тұр.

Бәріміз тарихшы Бақытжан Көпбаевтың артынан келеміз. Ол болса Жошы ханға қатысты мәліметтерді айтып, кешенге қарай жол бастады.

– Жошы – Шыңғысханның үлкен ұлы. Шыңғыс қаған өз ұлдарына империясын бөліп бергенде Жошыға Дешті Қыпшақ тиген. Осы жерде, Ұлытау баурайында Жошы ұлысы құрылады. Алтын орданың негізі де Ұлытаудан бастау алады. Аңыз бойынша Жошы ханды аңшылықта құлан талап өлтірген дейді. Кешенге бірнеше рет жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Қазба жұмыстарын 1946 жылы Әлкей Хаканұлы Марғұлан бастаған археологтар жүргізген. Сол кезде кешенде табылған ер адамның мәйітінің оң қолы жоқ болып шықты, – деді «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің бөлім меңгерушісі Бақытжан Көпбаев.

Қазақ ұлттық энциклопедиясындағы мәліметтерге сүйенсек, Жошы хан кесенесі Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Қараөңгір өзенінің жағасында орналасқан. Кесене қонақ архитектуралық ескерткішке жатады. Күмбезді сақталған танбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға қараған тайпалардың бәрі (найман, арғын, қыпшақ, керей, қоңырат,

қанды, т.б.) қатысқан. Жошы хан күмбезі порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелен шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Тағы бір ерекшелігі, кешенге жарық түсіру үшін күмбез жақтан үш ойық жасалған.

– Байқасаныңдар, кешенге жарық түсіру үшін үш ойық жасалған. Сырттан қарағанда қараңғы секілді. Ішке кіргенде жарық болып тұрады. Сол кездің ұсталары қалай есептегенін білмеймін, бірақ кешене іші қысы-жазы бір температура болады, – деді Б.Көпбаев.

Жошы хан ескерткішінің алдына Кетбұқа жыраудың тас белгісі орнатылған. Бұл белгінің астына сонау Сириядан, Айнажұлдан Кетбұқаның мәңгілік байыз тапқан жерінен топырақ әкеліп қойылған. Бақытжан Игенұлының айтуынша, оны журналист Дулат Әбіш әкелген. Бұл Жошының өлімін Шыңғысқа қүймен жеткізген атакты жырысы, жырау, қолбасшы, би, батыр, Шам еліне 25 жыл әмір болған Кетбұқаға қазақ жерінде көрсетілген құрмет еді. Кетбұқа ноягға арналып Жезқазғанның орталығында еңселі ескерткіш бой көтерген.

Тарихи-мәдени кешенге келген соң Бақытжан Игенұлы арнайы кинозалға апарып, Ұлытау өңірінің тарихымен таныстыратын қысқа метражды фильмдерді көрсетті. Жалпы дала пайғамбары – Зердеш бабаға (Заратустра) ең алғаш рет Ұлытаудағы Әулиетауда Жаратқаннан аян түскен көрінеді. Атакты Тоқтамыс пен Едіге бидің де мәңгілік байыз тапқан мекені осында. Әулиетауға мініп, занғар биігіне көтеріліп, тілек тілеушілердің тілегі қабыл болады дейді мұндағылар.

Тарихи деректерге Ұлытаудың ежелгі қонысы екені айтылады. Ол – қазақ жұртының табысқан төбесі, ұйысқан іргесі. Қазақ хандығының басында тұрған Керей мен Жәнібек Әбілқайырдан іргесін бөлгенде Ұлытауды бетке алғаны белгілі. Бұл – тарих тұғырындағы туы жығылған Алтын Орданың түтінін аңсау, ежелгі ескі жұрттың жұрнағын сағыну, дүниенің тең жартысын құзырына



қаратқан кешегі кемел мемлекеттің киесін қастерлеу. Энциклопедиялық мәліметтерге сүйенсек, Кетбұқа, Керей, Жәнібек, Қасым, Тәуке, Барак, Қошым, Абылай, Әбілқайыр, Ақжол би, Қазыбек би және тағы да басқа тарихи тұлғалардың өмірбаяны Ұлытау атымен байланысты. Ұрпақ санасына ұялап қалған ата-бабаларымыздың елдік кескіні, ерлік дәстүрі жадымызда жаңғырып тұрары сөзсіз.

Біз Ұлытау аймағына жеткен күні Жошы хан кесенесіне барып, зиярат еттік. Жошы ханның өзімен бірге маңайдағы қорымдарда жатқан аруақтарға да құранның дұға бағыштадық. Ұлытау өңірінің тарихымен танысып, өткенге көз жібердік.

Келесі күнгі сапарды Домбауыл бабадан бастағанды жөн санадық. Ал Жошы хан мен Кетбұқаға қатысты ғалымдардың зерттеуімен сабақтастырылған материалдарды газеттің алдағы санынан оқи аласыздар.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ  
Суреттерді түсірген  
Нұрболат НҮРЖАУБЫ  
Қызылорда-Жезқазған-Сәтбаев-  
Ұлытау-Қызылорда

Жалғасы бар



Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптағы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4261 Тапсырыс №682

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ